

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

У иностранных студентов низкий уровень рефлексии 20,70%, средний уровень – 68,40%. У иностранных студентов РУДН рефлексия развита недостаточно, респонденты не могут анализировать свои мысли, чувства, поступки.

*Исследование выполнено за счёт гранта Российского научного фонда № 23-28-01367, <https://rscf.ru/project/23-28-01367>.*

#### **Список использованных источников**

1. Гришина, А.В. Феноменология рефлексии в психологической науке: теоретический анализ / А.В. Гришина, О.В. Ряжская // Осознание Культуры — залог обновления общества. Перспективы развития современного общества: материалы XX Всероссийской научно-практической конференции, Севастополь, 12–13 апреля 2019 года. — Севастополь: Рибест, 2019. — С. 150—155.
2. Двоглазова, М.Ю. Структура личностной рефлексии студентов: дис. Канд. Псих. Наук: 19.00.01 / Двоглазова Маргарита Юрьевна. — М. ГУ ВШЭ. 2008. — 187 с.
3. Карпов, А.В. Психология рефлексии / А.В. Карпов, И.М. Скитяева. — М.: Институт психологии РАН, 2002. — 304с. SELF-REALIZATION OF PERSONALITY IN A POLICULTURAL EDUCATIONAL
4. Карпов, А.В. Психология рефлексивных механизмов деятельности / А.В. Карпов. - М.: Институт психологии РАН, 2004. - 424 с.
5. Кудинов С.И., Кудинов С.С., Кудинов В.С., Достатняя А.А. Профессиональное самоопределение старшеклассников с разными показателями рефлексивности Вестник Тверского государственного университета. Серия: Педагогика и психология. 2021. № 2 (55). С. 13-26.
6. Достатняя А.А. Рефлексивность как фактор становления профессионального самоопределения личности в раннем юношеском возрасте В сборнике: Современная психология и педагогика: проблемы и решения. Сборник статей по материалам XXXV международной научно-практической конференции. 2020. С. 25-30.

УДК 37.018.1

#### **ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР**

##### **Дүйсенбай Зарина Жасыұзаққызы**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-і, «Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану» мамандығының

2 -курс студенті, Астана қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Атемова Қ.Т.**

Отбасы тәрбиесі мәселесі әлеуметтік-мәдени институт ретінде тек ғылыми дискурста ғана емес, онымен қатар жаһандық үдерістерге байланысты оның қайта құрылуы және оның жоғалып бара жатқан мәртебесі сияқты практикалық өлшемдер өзектені түсуде. Қазіргі таңда отбасы жеке тұлғаның тағдырын анықтайтын, оның әлеуметтенуіне әсер ететін дәстүрлі бірегейлендіру институттарының бірі. Баланың тәрбиесіне қоршаған ортаның тигізер әсері мол. Осы орайда отбасы тәрбиесіне әсер етуші әлеуметтену факторларда пайда болады. Қоғамдағы отбасы тәрбиесіне әлеуметтену факторларыда әсер етуі мүмкін. Әлеуметтену факторлары — әлеуметтену үрдісінің дұрыс жүруі үшін жағдайлар жасауы. Әлеуметтену факторлары бір мезгілде жеке тұлғаны қалыптастырудың, ортаның рөлі туралы факторлары болып табылады. Шет елде әлеуметтену проблемасын зерттеуші ғалымдардың ішінде Э.Дюркгейм, Т.Парсонс, Д.Г.Мид, А.Инкельс және т.б. атауға болады. Ресейде В.А.Сластенин, А.В.Мудрик, И.С.Кон, А.В.Петровский, Г.М.Андреева және т.б. бұл бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстары белгілі.

Қазақстанда жеке тұлғаның әлеуметтену проблемасы әлі де жеткіліксіз зерттелуде. Осы себептен әлеуметтену факторлары отбасы тәрбиесіне ықпалы жайлы зерттеу жүргізілетін болады.

Профессор А.В.Мудрик әлеуметтенудің негізгі факторларын 3 топқа бөліп қарастырады: Макрофакторлар, мезофакторлар, микрофакторлар. Шын мәнісінде аталған факторлардың қай түрі отбасы тәрбиесіне көбірек әсер ететінін анықтау барысында арнайы сауалнама жүргізілді. Сауалнама Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде жүргізілді. Мектептегі 14-15 жас мөлшеріндегі жасөспірім балалардан сауалнама алынды. Сауалнама барысында балаларға ата-ана мен бала арасындағы, баланың туыстары арасындағы қарым қатынасы негізінде бірқатар сұрақтар қойылды. Олар төмендегідей:

1. Ата – анаңның жиі айтатын тәрбиелік жақсы сөздері қандай?
2. Ата- анаңмен қаншалықты жиі әңгімелесесіңдер?
3. Отбасында сен үшін не қымбат?
4. Ата-анаң сенің достарыңды біле ме?
5. Отбасың саған жеткілікті көңіл бөледі ме?
6. Жақын туыс адамдарыңмен қарым қатынасың қалай?
7. Келешекте сенің отбасың қандай болғаның қалайсың?

Нәтижесінде отбасы тәрбиесіне микрофактор көбірек әсер ететіні мәлім болды. 63% балалар ата-аналар арасында ынтымақтастық әңгіменің болмайтыны, кем болатыны анықталды. 37% балалардың ата анамен әңгімелесетіні белгілі болды. Бірақ ата-аналар балаларымен әңгімеде баланың жеке қызығушылықтары, қалаулары жайлы емес, өздерінің қалаулары жайлы әңгімелесетіні байқалды. Күнделікті үй тұрмыс тіршілігінде тапсырған жұмыстары жайлы әңгімелеседі екен. Қазіргі уақытта ата-аналар жұмыс басты болған соң, балаларымен де әңгімелесуге көңіл бөлуге, сырласуға уақыттары болмайды. Баланың арманы мен мақсаты, ішкі сырлары, мектеп үлгерімі жайлы әңгімелесетін ата- аналар осы себептен де кем болып шықты. Енді ата- аналар балаларымен дұрыс қарым-қатынас жасамағандықтан бала ұялы телефонға тәуелді бола бастайды. Ақпараттық кеңістік дамыған заманда тек пайдалы жағынан қолданып, ұлттық пен жаңашылдықты қоса білім беруде маңызды. Бірақ, бүгінгі жасөспірім балалар бір қуыста жабық кеңістікте дәлірек айтқанда, интернетпен өмір сүруге дағдыланған. Олардың басты тәрбиелеуші құралы – ұялы телефондары. Сырластары да, мұндастары да сол. Әрине, барлығы емес. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық жағдайдың тұрақсыздығы ересек және жасөспірім балалар арасында психологиялық стрестің көбеюіне әкелуде. Сонымен қатар құрылымдық-мазмұндық логикалық байланысы жоқ, жүйесіз, бейберекет берілген ақпараттар баланың өміріне, даму процесіне сәйкес келмейді. Баланың ұялы телефонды жиі қолдануы барысында болатын ауытқулар:

Біріншіден, балаларда танымдық дамудың әлсірегені, креативті ойлаудың төмендегені.

Екіншіден, балалардың энергиясы, олардың белсенді әрекет етуге деген ынтасы төмендеді. Бұған қоса эмоцияға тез берілу артқан. Балалар аз қозғалғандықтан, іште жиналған энергия гиперкреативті мінез-құлыққа айналу арқылы көрініс беруде.

Үшіншіден, балалардың әртүрлі рөлдік ойындарды ойнауы, оларда қатыгездік пен зорлық-зомбылық қасиеттерінің дамуына жол ашуда. Әлеуметтік ортаға қажетті мінез-құлық дағдыларын дамыта алмайды.

Төртіншіден, тілдік шеберлігінің жоқтығы, диалектикалық сөздерді көп қолдануы, грамматикалық құрылымының бұзылуы, лексиканың кедейлігі және т.б. туралы айтып отырмыз. Сондықтан осы компоненттердің бірінің дамымауы екіншісінің дамымауына әкеледі.

Бесіншіден, дағдыларының дамымауы, олардың құрдастарымен қарым-қатынастағы дәрменсіздігі, қарапайым қақтығыстарды шеше алмауы байқалады». Ғалымдардың зерттеуі бойынша, ата ананың балаға деген ынтасының төмендігі, балалармен қарым-қатынас

дағдыларының әлсіздігі, бала өмірінің тұрмыстық жағы, үйдегі уақыт тәртібі нашар ұйымдастырылғанынан болып отыр.

Енді ата анадан кейін балаға жақын болып келетін туыстары жайлы олардың балаға ықпалы жайлы айтатын боламыз. Балада үлкен мақсаттары, армандары сүйікті қалаған мамандығы болуы мүмкін. Ал туыстары не дейді, олардың теріс ойлары, сенімсіздік танытуы, баланың өмірінде үлкен кедергісін жасайды. Енді отбасының ішкі тәрбиесіне келетін болсақ. Балаларға бірдей көңіл бөлмеу, жауапкершілік танытпау, сенімсіздік білдіру, әңгімелеспеу, ойын құрметтемеу т.б. Осындай жағдайлар арқасында бала ертең қоғамда өз орнын таба алмайды. Бұл кезде бала тұлға болып дамуында қай бағытпен жүру керек екенін білмей дал болады. Осы кезде бала жанында жүрген жасөспірім достарына қарап, олардың іс әрекетіне еріп, солардың бағыт бағдарымен жүретін болады. Жаман достар қарым-қатынасқа әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар олар сіздің моральдық және мінез-құлқыңызға әсер етуі мүмкін. Жаман дос біреуді ата-анасына және басқаларға дұрыс емес әрекетке апаруы мүмкін, бұл көбірек проблемаларға әкеледі. Баланың дұрыс қалыптасуына тәрбиесінің дұрыс болуына жанындағы досыныңда тигізер әсері мол. Балалар достарын өздері табады. Мінездерінің ұқсастығымен тез тіл табысып, кейіннен бір біріне жақсы және жаман жақтарын беретін болады. Екі дос бірігіп жаман жолға түсіп, небір зұлым әрекеттерге де баруы мүмкін. Басында ата анасын түсінбей қарсы шығып, досының сөзіне еріп еліктеп кететін балалар да кездеседі. Бұл бала тәрбиесіне үлкен әсер етеді. Соның әсерінен үйден қашу, сабақ үлгерімі нашарлау, айтқан тілді алмау келіп шығады. Отбасы тәрбиесі негізгі құндылықтар мен ұстанымдары болмайтын болса, бұл мәселер шиеленісіп, алдымен баланың өміріне қауіп қатерін тигізетін болады. Балаға әрқашан дұрыс бағыт, махаббат, дұрыс тәрбие беру арқылы бұл мәселелерден құтқара аламыз. Бұл мәселелердің алдын алу мақсатында ата аналарға арнайы кеңестер берілді.

Қорыта келе, ата анамен бала арасындағы қарым- қатынастағы шиеленістер және әлеуметтік факторлардың алдын алу жолдары жайлы кеңестерге тоқталатын болсақ. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі – отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек болып табылатыны белгілі. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінеді. А.С. Макаренко «Ата – аналарға арналған кітабында». «Бала тәрбиесінде сіздің іс қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс-әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дәрекілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеніз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз», - дейді. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез – құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата- аналар «Екеуіміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл – қыздармен үй шаруасында жүріп – ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ.

Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу – әрекеті бос уақытын ұйымдастыру жатады. Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың

тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы. Балалардың отбасындағы тәрбиесі белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады. Ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара үйелмендікі, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Педагогиканың жалпы негіздері. Оқу құралы. Авторы: Сейталиев Қ. Алматы: «Өлке», 2009. – 232

<https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D3%98%D0%BB%D0%B5%D1%83%D0%BC%D0%B5%D1%82%D1%82%D0%B5%D0%BD%D1%83%D1%84%D0%B0%D0%BA%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%BB%D0%B0%D1%80%D1%8B>

2. Егемен Қазақстан. А. Санақұлы. <https://egemen.kz/article/305547-bala-tarbiesindegi-basymdyqtar>

3. Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. Педагогика. – Алматы, 2000 <https://kitaphana.kz/refkaz/236-pedagogika/3258-otbasi.html>

4. Ата-аналар кітабы = [Мәтін] / А. С. Макаренко ; [қаз. Тіл. Ауд. Ғ. Оспанов]. – 2-бас. .. – Алматы : Мектеп, 1968. <https://kazneb.kz/kk/catalogue/view/435299>

ОӘЖ 378. 418.20

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Дастанова Торғын

aa\_aa\_2323@mail.ru

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ», Семей, Қазақстан

Білім беру саласында қол жеткізілген бүкіләлемдік бітімнің мәні оқушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігіне саяды. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Экономикалық ынтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ) жасаған құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасы дағдылардың барынша кең ауқымын қамтитын ХХІ ғасыр дағдыларының моделі болып табылады [1].

Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Дәстүрлі оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде тиімді пайдалана алмайды. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету [2].